

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ АЗИЯ-ТЫНЫҚ МҰХИТЫ ЕЛДЕРІНІҢ РӨЛІ

Мелдеш Нұрлыбек Нұржанұлы

nurlybek.meldesh@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар  
мамандығының 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі - Тұрынтаева Әйкерім Әмірқызы

XXI ғасырда Азияның, одан да кеңірек Азия-Тынық мұхиты аймағының (АТМА) рөлі әлемдік саяси және экономикалық процестердің ағымдағы үрдістері аясында өсіп, өте өзекті бола түсуде [1].

Әлемдегі жетекші державалардың Азияға және азиялық ынтымақтастық институттарына қатысты мүдделерінің қайта теңдесуі әлемдегі мемлекетаралық және ұйымаралық қатынастардың жаңа орталығы – Азия-Тынық мұхиты аймағының пайда болғанын айқын көрсетеді [2].

Жер шарындағы халықтың едәуір бөлігі (57%) және өнеркәсіптік өндіріс (40%) Азия-Тынық мұхиты аймағында шоғырланған. Сонымен қатар, энергия көзі мен энергия тасымалдаушыларға деген әлемдік сұраныстың үштен бірінен астамын (37%) құрайды.

Азия-Тынық мұхиты аймағы 58 мемлекет пен аумақты біріктіреді. Оның кеңістігінде ең ірі интеграциялық одақтар шоғырланған: Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД), Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО), Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭБДҰ) және т.б.

Сонымен қатар, 2008-2010 жылдардағы жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыс жағдайында да, әлемде энергетикалық сұраныстың төмендеуі байқалған кезде, Азия-Тынық мұхиты аймағындағы көптеген елдерде керісінше энергия тұтыну қарқынды дамыды.

Қазақстан Азия мен Еуропаның тоғысқан жерінде орналасқан еуразиялық мемлекет ретінде Азия-Тынық мұхиты аймағында ұзақ мерзімді экономикалық, саяси және стратегиялық мүдделерге ие. Бұл аймақ ғаламдық экономикалық өсудің негізгі драйвері ретіндегі рөлін айқындайтын орасан зор адами және табиғи ресурстардың көзі. Батыстың әлеуметтік-экономикалық тоқырауы аясында және өзінің саяси ықпалының ішінара жоғалуы нәтижесінде жаһандық тартылыс орталығы АТМА-ға, әсіресе оның азиялық бөлігіне тұрақты түрде ығысуда.

Қазіргі кезеңде АТМА мемлекеттерінің дамуының диаметральді әртүрлі деңгейлерін өзара әрекеттесудің біртұтас күрделі механизміне байланыстыратын ауқымды геосаяси жүйенің осі болып табылады. Осындай жағдайда Қазақстанның сыртқы саясаты бұл аймақтың саяси және экономикалық мүдделер тұрғысынан маңыздылығына айрықша мән беруде.

Қ.К.Тоқаев атап өткендей, «Еуразияға өмір беретін артерияларының орталығындағы Қазақстанға тағдырдың өзі көпвекторлы саясатты жүргізуді бұйырды. Қазақстанның географиялық және геосаяси маңыздылығы соншалық, бір өлшемді сыртқы саясат оның әлеуетіне мүлдем сәйкес келмейді». Сондай – ақ, «Мен Азия-Тынық мұхиты аймағы қазірдің өзінде әлемдік экономикалық белсенділіктің орталығына айналды деген пікірге қосыламын. Қазақстан Орталық Азиядағы ең ірі экономика ретінде осы аймақтағы қатысуын күшейтуді жоспарлап отыр. Сонымен қатар, бұл көзқарас еліміздің Азиядағы әріптестерімен қарым-қатынасының мәнін көрсетеді» [3].

Саясат мәселелерінде мемлекеттік прагматизмді басшылыққа ала отырып, Қазақстан Азия-Тынық мұхиты аймағындағы мемлекеттермен: Ресей, Қытай, Жапония, Корея Республикасы, Таиланд, Филиппин, Малайзия, Индонезия, Моңғолия және т.б. мемлекеттермен өзара тиімді байланыстарды дамытуға көбірек көңіл бөлуде.

Азия-Тынық мұхиты аймағы соңғы қаржылық дағдарысқа қарамастан, дамуын жалғастыруда және бірте-бірте әлемдік экономиканың жетекші орталығына айналуда.

Қазақстан дипломатиясы Азия-Тынық мұхиты аймағында өзара байланысты үш міндетті шешеді: біріншіден, қауіпсіздікті қамтамасыз ету; екіншіден, елдегі нарықтық реформалар үшін қолайлы сыртқы жағдайлар жасау; үшіншіден, аймақтық интеграциялық процестерге белсенді қатысу.

Қазақстан Азия елдерінің әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын, оның ішінде қаржылық дағдарысты еңсеру тәжірибесін жіті қарастыруда. Қазақстан Азия-Тынық мұхиты мемлекеттерінің жаңа интеграциялық жобаларына мүдделі.

Азия-Тынық мұхиты аймағындағы көптеген дамушы елдер 1990 жылдардан 2008-2009 жаһандық қаржылық дағдарысқа дейін әсерлі экономикалық өсу қарқынын бастан кешірді.

Қай кезде де сауда ынтымастығымен инвестиция көзі экономикалық өсудің қуатты қозғалтқышы болып табылады

Қазіргі кезеңде Қазақстанның сыртқы саяси басымдықтары мемлекеттілікті нығайту үдерістерімен әлеуметтік-экономикалық реформалармен қоғамның құқықтық-демократиялық негізін қалыптастырумен тығыз байланысты.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан басшылығы елдің сыртқы саясатын қалыптастырып, оның халықаралық мәртебесін бекітуге мәжбүр болды. XX ғасырдың 90-шы жылдарының басында жылдардың басында елде көптеген ішкі және сыртқы нақты және ықтимал қауіптер орын алды. Осыған байланысты көптеген мәселелерді шешудің дұрыс жолдары мен әдістерін анықтауға көп күш жұмсау керек болды. Қазақстан Азия елі ретінде тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап әлемнің барлық дерлік елдерімен, соның ішінде, Азия-Тынық мұхиты аймағындағы мемлекеттерімен дипломатиялық қатынастарды орнату процесін бастады. Өйткені, Қазақстан XXI ғасырда ғаламдық экономикада басты экономиканың негізгі шикізаттық және демографиялық басымдылық көзі шоғырланған Азия елдерінің экономикасы барынша жылдам қарқынмен дамып келе жатқанын түсінді.

Осы орайда еліміздің сыртқы саясаты саяси-экономикалық және әскери мүдделер тұрғысынан осы өңірдің болашақтағы маңыздылығын жете саралай түсті. Сонымен қатар, тарих ішкі әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді тұрақты және қолайлы сыртқы ортасыз жүргізу мүмкін еместігін көрсетеді. Осыған байланысты, Қазақстан көпжақты институттар қызметінің қауіпсіздігінің тиімділігін қамтамасыз ету тәсілдерін жаңғырту барысында азиялық үдерістердің ерекшеліктерін зерделеуге көбірек көңіл бөлуде. Алайда, географиялық ені экономикалық және әскери күші демографиялық әлеуеті өзара қиылысып қана қоймай, бір-біріне қайшы келетін АТМА елдерінің жалпы аймақтық және ерекше ұлттық мүдделері Қазақстанның аймақтағы өлшенген және ойластырылған көзқарасын талап етеді. Мұндай жағдайда Қазақстан сыртқы саланың негізгі бағыттарын нақтылауы керек. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы көпвекторлық саясатты жүргізе отырып, мемлекетаралық деңгейде және көптеген халықаралық ұйымдармен қатынастарды нығайтуда.

Әлемдік қоғамдастыққа неғұрлым терең интеграциялауды жүзеге асыру үшін Қазақстан қазіргі заманғы шындыққа сәйкес келетін жаңа тәсілдерді дамытуға ұмтылады.

Қазақстан Республикасының көпвекторлы және теңгерімді сыртқы саясаты контекстінде Азия өңірі өсіп келе жатқан маңызға ие болуда. Осыған байланысты Азия-Тынық мұхитының қарқынды өсуін назарға ала отырып Қазақстан Республикасы АТМА мемлекеттерімен: Қытай, Жапония, Корея Республикасы, Таиланд, Филиппин, Малайзия, Индонезиямен өзара тиімді байланыстарды дамытуға ерекше назар аударуда.

Азия-Тынық мұхиты аймағындағы елдерімен саясат, оның ішінде, ұлттың экономикалық сауда және саяси мүдделері басты негізде. Саяси және экономикалық салаларда АТМА елдерімен тығыз қарым-қатынас орнату Қазақстан үшін сыртқы саясаттағы маңызды басымдық болып табылатыны анық.

Сыртқы саясаттың жаңа бағытына «Қазақстан - 2050 стратегиясында» ерекше орын берілді. Стратегияға сәйкес: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты тұрақты және болжамды сыртқы саясат-ұлттық мүдделерді ілгерілету және аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті нығайту болып табылады.

Сондай-ақ, ҚР Президентінің тапсырмасы бойынша АТМА елдерімен сауда-экономикалық қатынастарды дамыту үшін ҚР Сыртқы істер министрлігі «Қазақстан Республикасының Азиялық даму векторы» бағдарламасын және сауда-экономикалық ынтымақтастық стратегиясы іске асырылды.

Бүгінгі күні маңызды қызмет шеңберінде сауда және экономикалық дипломатияны ілгерілету құралдарының кешенді құралдары әзірленді.

Қазақстан Азия-Тынық мұхиты өңірінің нарықтарына шығуға, аймақтағы экономикалық интеграциялық үдерістерге қосылуға қарқынды күш салуда. Азия-Тынық мұхиты аймағының энергетикалық ресурстарға өсіп келе жатқан қажеттілігін ескере отырып, Қазақстан Ресеймен бірге ол жақта көмірсутегі шикізатының негізгі экспорттаушысына айналуы мүмкін.

Өңірге Қазақстанның ауылшаруашылық өнімдерінің экспортын арттырудың «тауашасы» бар. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы көптеген Шығыс Азия мемлекеттерінің өнеркәсібіне аса қажет қара және түсті металдарды, химия және жеңіл өнеркәсіп өнімдерін ұсына алады. Астана еліміздің көлік жүйелерін және әлемдік нарықтарға шығудың баламалы жолдарын дамытуға қатысуына ерекше мән береді.

Қазақстанның ең жақын серіктесі Ресей өзінің энергоресурстар экспортын Азия Тынық мұхиты аймағына қарай қайта бағдарлау жөніндегі жоспарларын белгілеп үлгерді.

Осылайша, Ресей Федерациясының 2030 жылға дейінгі энергетикалық стратегиясына сәйкес, 2030 жылға қарай энергия экспорты 26-27% Азия-Тынық мұхиты елдеріне жіберіледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының (БНС) 2022 жылғы қаңтар-қазан айларындағы жалпылама сыртқы сауда статистикасы Қазақстан мен Ресей арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынастар жалпы турбуленттілікке қарамастан, өткен жылы мықты болып қалғанын көрсетеді. Тауар айналымы 7 пайызға артып, 21,1 миллиард АҚШ долларын құрады.

Бұл ретте Қазақстан Республикасына ресейлік тауарлардың импорты іс жүзінде 14,2 млрд АҚШ долларын құрап, өз құнын өзгерткен жоқ. Бірақ Қазақстан Ресей Федерациясына тауар жеткізуді айтарлықтай арттырды – 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда плюс 22%. Өсім 5,7 миллиард доллардан 6,9 миллиард долларға дейінгі аралықта болды.

Қазақстан Республикасының Энергетика министрі Болат Ақшолақов Қазақстан мен Ресей арасындағы «Қазақстан Республикасының солтүстік және шығыс аймақтарын ресейлік газбен газдандыру» туралы келіссөздер жүргізілді. Келіссөз барысында, Қытайға

газ жеткізу үшін Алашаңқайға жалғасы бар Ресейден Барнаул-Рубцовск-Семей-Өскемен магистральды газ құбырын және Павлодарға тармақты салу туралы болып отыр. Тағы бір нұсқа – Өскеменге тармақты және Алашаңқайға жалғасатын Омбы-Павлодар-Семей газ құбыры [4].

Сонымен қатар, Есілден Петропавл арқылы Астанаға дейін (шамамен ұзындығы – 644 км, өткізу қабілеті – 0,4 млрд текше метр) бағыт бойынша магистральдық газ құбырын құру мәселесі талқылануда.

Тағы бір нұсқа – қолданыстағы Сарыарқа газ құбырының екі жаңа тармағын салу арқылы бұл өңірлерді қазақстандық меншікті газбен қамтамасыз ету. Құбырдың іске қосылған бөлігінің қазіргі қуаты 2,2 млрд текше метр газды құрайды (құны 0,7 млрд доллар).

Ресейден жеткізілім көлемі, Қазақстан тарапы атап өткендей, жылына шамамен 10 миллиард текше метрді құрауы мүмкін, ал Қытайға экспортқа шикізатты қосымша жеткізген жағдайда құбыр өткізу қабілеті 20-30 миллиард текше метрге дейін жетуі мүмкін. Астана 2022 жылдың екінші тоқсанында ресейлік тараптан маршруттар құнының есебін күткен болатын. Бірақ, Болат Ақшолоақов нақтылағандай, әзірге түпкілікті сомалар жоқ.

Төлем нұсқаларының бірі «Өзбекстан мен Қытай бағытында айдау орнына Ресейден Қазақстанға газ жеткізуді ұйымдастыру» болуы мүмкін. Еуропалық газ нарығынан айырылған Ресей жаңа нарықтарды белсенді түрде іздестіруде, оның ішінде Қазақстан мен Өзбекстанға, сонымен қатар, осы елдер арқылы Қытайға транзиттік тасымалдауды ұйымдастыруды көздеуде.

Ресеймен жеткізілімдер бойынша келіссөздер бірнеше жылдан бері жалғасып келеді. Бүгінде Ресей Батыстың санкциялары мен Газпромға жаңа сату нарықтарының қажеттілігін ескере отырып, Қазақстан арқылы жаңа нарық көздерін қарастыруда.

Сондай-ақ, 2024 жылға қарай Қазақстанда газ тапшылығы болуы мүмкін деген болжам бар.

Негізгі себебі, газды тұтынудың белсенді өсуі аясында (соңғы екі жылда 2 млрд текше метрге) Қазақстанға Ресейден келетін газдың меншікті ресурстардың жоқтығынан қажеттілігі. Осының салдарынан, ішкі сұранысты қанағаттандыру үшін Қытайға газдың экспорт көлемін қысқартуы мүмкін.

2022 жылы Қазақстанда 27,8 миллиард текше метр тауарлық газ өндірілді. Оның 4,6 миллиард текше метрі экспортқа шығарылды.

2023 жылы өндіру 28 млрд текше метрді құрайды деп болжанса, 2029 жылға қарай жаңа газ өңдеу зауыттарын салу (Қашаған, Жаңаөзен) және Өріхтау, Придорожное және Рожковское кен орындарын кәсіпшілікке қосу арқылы оны 30 млрд текше метрге жеткізу жоспарлануда [5].

Бүгінгі әлемдік жағдайға байланысты Ресей Федерациясында жаңа теміржол пойызы жолға шықты. Қытайдың Ханьданынан Мәскеуге жаңа бағыт бойынша Қытай-Еуропа жедел пойызы Қазақстан-Қытай шекарасындағы «Қорғас» өткізу бекетінен өткен болатын. Құны 2 миллион доллар тұратын 41 контейнерлік автокөлік бөлшектері мен жабдықтары бар пойыз 15 күнде жолды өтеді.

Хандан халықаралық құрлық портының директоры Чжан Цзяньминнің хабарлауынша: «Қазіргі уақытта Хандан халықаралық құрлық порты Орталық Еуропа мен Орталық Азияға темір жол бағытының 4 бағытын ашты. Соның ішінде, Ресей, Моңғолия, Қазақстан, Өзбекстан және т.б елдер. Экспортқа шығарылатын тауарлардың құны 45 миллион АҚШ доллардан астам ақшаны құрайды».

Қазақстаннан Ресейден басқа бағыттар бойынша мұнай экспорты өткен жылы 1,80 миллион тоннаға (тәулігіне 36 мың баррель) жетті. Яғни, 2021 жылмен салыстырғанда, 638 мың тоннаға артық. Қытайға Қазақстан Республикасынан 1,26 млн тонна жанармай жеткізілді. Ресей Федерациясы арқылы өтетін негізгі жеткізу бағыты – Каспий құбыр консорциумы (КҚК) – ол арқылы жеткізу 2022 жылы 2021 жылмен салыстырғанда 1%-ға 51,99 млн тоннаға қысқарды. Бұл Қазақстаннан жеткізілетін мұнайдың жалпы көлемінің 80%-дан астамы [6].

Азия-Тынық мұхиты аймағындағы елдердің ішінде Қазақстан ҚХР-ға ерекше орын береді. Қазақстан басшылығы Қытай мен Қазақстан аумағы арқылы Еуропаны Азия-Тынық мұхиты аймағымен байланыстыратын байланыс желілерін салуды өте перспективалы деп санайды. Екі ел арасындағы газ және мұнай құбырларын тарту мәселесі де ерекше маңызды. Сондай ақ, Қытай мемлекеті ел экономикасын реформалау саласында Қазақстан үшін идеялар көзі болып табылады.

АТМА елдері ішінде Қытай – халықаралық жеткізу тізбегін тұрақтандыруға көмектесу арқылы жаһандық экономикаға айрықша әсер етуде.

2023 жылы 2 ақпанда ҚР Сыртқы істер министрінің орынбасары Қанат Тұмыш ҚХР ның Қазақстандағы елшісі Чжан Сяомен кездесу өткізді. Кездесу барысында қатысушылар «Қазақстан-Қытай жан-жақты стратегиялық серіктестігінің жай-күйі мен даму болашағын» талқылады. Қазақстандық тарап «пандемиядан кейінгі кезеңдегі сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастыққа» ерекше назар аударды. Сондай-ақ, қатысушылар «2022 жылы 24,1 миллиард АҚШ долларын құраған екіжақты сауда көрсеткішінің өсу қарқынының оң динамикасын» атап өтілді [7].

Ал 2023 жылдың 3 ақпанында Бейжің қаласында Қазақстанның Қытайдағы Елшісі Шахрат Нұрышев партия комитеті хатшысының орынбасары, Ляньюньган қаласы әкімінің орынбасары Ян Шинжунмен кездесті. Тараптар «транзиттік-көлік секторын» талқылады. Сонымен бірге, инвестиция және электронды коммерция саласындағы ынтымақтастық жоспарларын белгіледі.

Елші 2022 жылы Қазақстаннан Қытайға теміржол тасымалының өсуін және 2015 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан «Ляньюньган портындағы Қазақстан-Қытай терминалының ерекше рөлін» аталған. Нұрышев сондай-ақ «Қытайдан және Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінен ҚХР арқылы транзитпен өтетін» кейбір тауарларды жеткізудің кешігуіне тоқталып, осы процеске ерекше назар аударуды сұрады.

Ян Шинжун 2023 жылға арналған жоспарлар: Ляньюньган порты мен «Бір белдеу, бір жол» бастамасын дамыту, сондай-ақ қала компанияларының Кореямен бірлескен электронды коммерция жобаларына инвестиция салуға дайындығы туралы айтты

Сонымен қатар, Жамбыл облысындағы инвестициялық жобалар жоспарлануда. Құны 11,5 млрд теңгені құрайтын жануарларға арналған вакцина шығаратын өндірісті іске қосуға қытайлық компаниялар қатысуда. Компанияда 49 адам жұмыс істей алады [8].

Қытайлық инвесторлармен бірлескен тағы бір бастама – жалпы құны 10 млрд теңгені құрайтын «металлургия өндірісінің мырыш-қорғасын қалдықтарын қайта өңдеу» компаниясы 200 жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Бұл жобаларды жүзеге асыру мерзімі хабарланбаған [9].

Азия елдері бойынша Қытай автомобиль жеткізу нарығында көш бастап тұр. 2022 жылы Қытайдан Өзбекстанға 11 159 автокөлік әкелінді. Екінші және үшінші орындарда Корея мен Қазақстан тұр.

АТМА елдеріндегі Қазақстанның тағы бір маңызды серіктесі – Оңтүстік Корея. Оңтүстік Кореяның қазақстандық шикізатқа, ал Қазақстан Республикасының оңтүстіккореялық инвестицияға елеулі қажеттіліктері екі елді жақындастыруда. Астана бір мезгілде ҚХР-мен байланыстарды дамытып, КХДР-ның ядролық бағдарламасы мен жалпы корей мәселесін тез арада шешуді жақтап келеді.

2022 жылды 28 маусымда Энергетика вице-министрі Жандос Нұрмағанбетов бастаған қазақстандық делегация Оңтүстік Кореяның Сауда, индустрия және энергетика министрлігінің өкілдерімен Сеул қаласында кездесті. Кездесу барысында «Қазақстан атом электр станциялары» ЖШС мен ядролық технологияларды жеткізуші Korea Hydro & Nuclear Power (KHNP) арасында атом энергетикасын дамыту саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды [10].

Бүгінде екі ел арасындағы тауар айналымы 6 миллиард АҚШ долларынан асты. 2021 жылы Корея Республикасы Қазақстан экономикасына инвесторлардың ірі елдері арасында 8-шы орында болса, ал 2022 жылы 6 орынға көтерілді.

Қазақстан мен Корея Республикасы өзара іс-қимылдың кең ауқымы бойынша ынтымақтастықты дамытуда. Сондай-ақ, логистика, машина жасау, құрылыс, тамақ өнеркәсібі, ТМК, электроника және мұнай-газ өнеркәсібі сияқты салалардағы жобаларды бірлесіп іске асыруда [11].

Сонымен қатар, тараптардың сыртқы саяси басымдықтарының жақындығы мен экономикалық ынтымақтастыққа өзара мүдделілігінің арқасында Қазақстан-Моңғолия қатынастары да табысты дамып келеді.

2019 жылы Қазақстан мен Моңғолия арасындағы тауар айналымы 21,1 % төмендеп, \$76 миллион долларды құраған болатын. 2020 жылдың 9 айында өзара сауда \$24,8 миллион долларды көрсетті. Қазақстаннан Моңғолияға экспорт \$23,5 млн, импорт \$1,3 млн құрады [12].

Қазақстан Республикасы мен Азия-Тынық мұхиты елдерінің халықаралық саясаттың түбегейлі мәселелеріне көзқарастарының ұқсастығы олардың одан әрі жақындасуын мүмкін етеді. Қазақстан және Азия мемлекеттерінің көпшілігі көпполярлы халықаралық жүйені жақтайды.

2005 жылдан бері АҚШ-тан Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялардың (ТШИ) жалпы ағыны 48,8 млрд долларды құрады. Бұл елге тартылған барлық шетелдік инвестициялардың шамамен 13,5%-ын құрайды. Америка Құрама Штаттары ел экономикасының негізгі үш инвесторының бірі болып табылады.

Америкалық инвесторлар тау-кен саласына көбірек қызығушылық танытады. Олар Қазақстандағы тау-кен өнеркәсібіндегі ТШИ-нің шамамен 30%-ын құрайды.

АҚШ-тан аздаған тікелей инвестиция қаржы және сақтандыру қызметінде (үлесі 6,6%) және геологиялық барлауда (9,8%) тіркелді.

2022 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша елімізде АҚШ капиталының қатысуымен 695 кәсіпорын тіркелген, оның 658-і шағын, 15-і орта және 22-і ірі.

168 қазақстандық-американдық кәсіпорын көтерме және бөлшек саудада, 181 компания қызметтің басқа түрлерінде, 83 кәсіпорын кәсіби, ғылыми және техникалық қызметте шоғырланған. Өңдеу өнеркәсібінде бар болғаны 36 американдық кәсіпорын бар [13].

Азия-Тынық мұхиты аймағы елдерімен іскерлік ынтымақтастық Қазақстанның экономикалық дамуына, халықтың өмір сүру деңгейін көтеруге бірегей мүмкіндіктер ашады. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Шығыс пен Батысты байланыстыратын



көпір бола алатыны, Ұлы Жібек жолын жаңғыртуға елеулі үлес қоса алатыны да маңызды. Осындай жолмен Азия-Тынық мұхиты аймағының интеграциялық жүйелеріне ену арқылы ғана Қазақстан қалыптасып келе жатқан көпполярлы әлемде 21 ғасырда лайықты орнын қамтамасыз ете алады.

Қазақстанның негізгі сауда-экономикалық әріптестермен сыртқы экономикалық байланыстарының қазіргі жай-күйін теориялық талдау ұлттық сыртқы экономикалық доктринаны қалыптастырудың іргелі негізі болып табылады. Бүгінгі таңда дамып келе жатқан жаһандық және аймақтық әлемдік тәртіптің жаңа жүйесінің сипаты соңғы уақытта геосаяси және экономикалық тұрғыдан маңызды және серпінді болған осы аймақта айқын көрінеді. Қазақстан, көршілес елдер Ресеймен Қытайға тиесілі осы аймақтың айналасындағы геосаяси жағдай әлемдік экономика мен саясаттың негізгі орталықтарының, атап айтқанда АҚШ, ЕО, Жапония, Ресей және Қытайдың ұлттық мүдделерінің үйлесуі мен қақтығысымен сипатталады. Сонымен қатар, Батыс елдері Ресеймен жүргізіп жатқан санкциялық соғыс аясында қоғамда елдің Азия-Тынық мұхиты аймағына қозғалысы туралы пікірлер жиі кездеседі.

Батыс елдерінің Ресейге қарсы қойған санкциялық шектеулері сауда қарым-қатынасында бірқатар қиындықтар туғызады. Ресеймен тығыз экономикалық байланыстар Ресей мен Беларусьқа шектеулі немесе бақыланатын экспортты тасымалдаудың бар мүмкіндіктеріне қатысты АҚШ үкіметі қалыптастырған тізімге Қазақстанның қосылуына түрткі болды. Бұл Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан санкцияланған тауарларды тасымалдау үшін жиі қолданылатын транзиттік пункттер ретінде аталған АҚШ Сауда министрлігінің Қаржылық қылмыспен күрес агенттігі мен Өнеркәсіп және қауіпсіздік бюросының бірлескен ескертуі болып табылады.

Қысқа мерзімде Украинадағы соғыс Қазақстан экономикасына оң әсерін тигізді. Мұнай бағасының жоғары болуы экономикаға қолдау көрсетті, ал Ресей Федерациясына қарсы санкциялар қазақстандық кәсіпкерлерге Ресейден кеткен халықаралық компаниялардың тауарларын Ресей Федерациясына реэкспорттауға мүмкіндік берді. Жағымсыз әсерлердің бірі санкцияға түсу қаупімен рубльдің қисынсыз нығаюын атап өтуге болады. Бүгінгі таңда соның салдарынан ресейлік импорт бағасы күрт өсті. Дегенменде, ең басты қауіп ол Батыс елдерінің санкциясы болып табылады [14].

Қазақстан мұндай жағдайды болдырмау үшін қолдан келгеннің бәрін жасауда. Біріншіден, қазақстандық кәсіпкерлерге ыңғайлы болу үшін СЭҚ ТН кодтарын көрсете отырып, санкцияға жататын тауарлардың тізбесі бар сервис құрылды. Екіншіден, Қазақстанның Мемлекеттік кірістер комитеті санкциялық тізімге енген тауарлардың импорты мен экспортын үнемі қадағалап отырады.

Айта кету керек, Ресей Федерациясына тауарлардың айтарлықтай көлемі санкциялар тізімінде болғандықтан емес, ресейлік компаниялармен ынтымақтастығы өте уытты болып кеткендіктен жеткізілуін тоқтатты. Мұндай тауарлар тобы үшін үшінші ел ретінде Қазақстан арқылы тасымалдау толығымен негізделген шешім болып табылады.

«Логистиканың» ұлғаюы (тауар Қазақстан Республикасының аумағына әкелінуі керек) және екі рет ҚҚС төлеу қажеттілігі (Қазақстанға келген соң, одан кейін Ресейге келген соң) бұл бағытты қымбаттататынын мойындау керек. Тауарларды кедендік қойма рәсімі арқылы қайта сатумен «жалған транзит» деп аталатын схемаларды пайдалану қажетсіз тәуекелдерді тудырады [15].

АТМА дамушы елдерінің халықаралық бәсекеге қабілеттілігінің қарқынды өсуімен бірге, даму қарқыны бойынша басқалардан озып кетуі «Тынық мұхиты дәуірінің»

жақындауы немесе бұл аймақ әлемдік экономикалық дамудың орталықтарының біріне айналатын кезең туралы айтуға негіз береді [16].

Азия-Тынық мұхиты аймағы, оның ішінде АСЕАН елдерінің дамыған экономикасы қазірдің өзінде әлемдік экономикалық белсенділіктің орталығына айналды. Қазақстан Орталық Азиядағы ең ірі экономика ретінде осы аймақтағы қатысуын кеңейтуді жоспарлап отыр. Ал бұл тәсіл еліміздің Азиядағы әріптестерімен қарым-қатынасының мәнін көрсетеді [17].

Азия-Тынық мұхиты аймағы мемлекеттерінің Қазақстандағы негізгі экономикалық мүдделері:

1) Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында мұнай мен газ көздеріне қол жеткізу. Мысалы, соңғы бірнеше жылда Қытай экономикасының өсуі энергияға ішкі сұраныстың артуына себеп болды. Осыған байланысты мұнай және мұнай өнімдері импортының көлемі күрт артты. Өсіп келе жатқан АТМА дамушы елдерінің экономикасы Қазақстаннан өзара тиімді шарттармен импортталатын жаңа энергия көздерін қажет етеді.

2) Тауарларды Азия және Батыс нарықтарына жылжыту үшін Қазақстанның көлік-коммуникациялық әлеуетін пайдалану.

3) Өзара сауданы кеңейту, Қазақстандық тұтыну нарығын дамыту. Азия-Тынық мұхиты аймағындағы елдерге Қазақстандық экспорттың негізгі тауарлары шикізат көздері, оның ішінде қара және түсті металдар, уран, минералды тыңайтқыштар, тері, шитті мақта, жүн және т.б. Ал АТМА елдерінен келетін импортта тұтыну тауарлары басым болады. Бұл тоқыма және трикотаж, иірілген жіп, аяқ киім, тұрмыстық электротехника, тамақ өнімдері, соның ішінде қант, кондитерлік өнімдер, шырындар, алкогольсіз сусындар және т.б.

4) Қазақстандағы әлемнің жетекші державаларының стратегиялық мүдделеріне келетін болсақ, мұнда бірнеше жайтты ескеру қажет.

Біріншіден, соңғы уақытта Каспий теңізі энергоресурстарының әлемдік экономикасы, атап айтқанда оның қазақстандық секторы үшін маңыздылығы айтарлықтай өсті. Қазақстанда мұнай мен газдың бай кен орындарын игеру әлемдік державаларға үстеме пайда және көмірсутек шикізатының жаңа қосымша көздеріне қол жеткізу түрінде экономикалық пайда алуға ғана емес, сонымен қатар ОПЕК-ке қысым тетіктерін жасауға мүмкіндік береді.

Екіншіден, АТМА-ғы ең алдымен, Қазақстан дамушы ел ретінде бүгінде мұнай факторына байланысты экономикалық қана емес, сонымен қатар, геосаяси құндылыққа ие болуда. Бұл әлемдік державалардың елдегі және жалпы өңірдегі экономикалық қатысуы есебінен өздерінің жетекші позицияларын нығайтуға деген ұмтылысын көп жағдайда түсіндіреді.

Үшіншіден, әлемдік державалар үшін Қазақстанның транзиттік (көліктік-коммуникациялық) әлеуеті үлкен экономикалық қызығушылық тудырады. Бұл оған сауда және жүк ағындарын жүзеге асыру үшін Еуропа мен Азия арасындағы көпір болуға мүмкіндік береді.

АҚШ әлемнің стратегиялық маңызды аймақтарының бірі ретінде Каспий-Орталық Азия және АТМА-ын бақылауға алуға және сақтауға мүдделі. Ресей мен Қытайдың позициясы мен ықпалын әлсірету үшін АҚШ-тың аймақта орнығуға деген ұмтылысы осы бірқатар мүдделерде тұр.

Сонымен қатар, Қытай мен Ресейге қарсы санкциялар әлемдік саудаға, соның ішінде қарқынды дамып келе жатқан көптеген елдерге зиянын тигізеді. Қазақстандық өнімдердің басым нарықтарының бірі болып табылатын Ресей мен Қытайдың өсу қарқыны баяулауы

сөзсіз, бұл Қазақстаннан да жеткізілетін тауарларды тұтынуды азайтады. Экспорттық жеткізілімдер көлемінің төмендеуімен қатар импорт ағындарының басқа елдерге, соның ішінде Қазақстанға бағытталу қаупі де бар.

Қазақстан экономикасына инвестициялар тартудың неғұрлым тиімді тетігін құру. Бұл факторлар жедел шешуді қажет ететін бірқатар негізгі міндеттерді анықтайды. Біріншіден, сауда-ынтымақтастықты дамыту және елдің сыртқы экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында АТМА-дағы интеграциялық процестерге белсенді қатысу. Екіншіден, Ресей мен Қытайға сауда-экономикалық тәуелділік дәрежесін төмендету мақсатында сыртқы экономикалық байланыстарды саралау тұтастай алғанда экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі басым бағыт болып табылады. Соңғы жылдары, АТМА елдерінің арасындағы сауда-экономикалық маңызы айрықша. Азия-Тынық мұхиты аймағының жаһандық халықаралық қатынастар жүйесіндегі рөлі соңғы жылдары айтарлықтай өсті. Бұл аймақ ең серпінді экономикалық өсу аймағы ретінде мамандардың назарын өзіне аударады. Бүгінгі таңда АТМА өсу қарқыны бойынша, оның ішінде технологиялық жағынан озық салаларда әлемнің басқа аймақтарынан озып отыр. Жаңа жаһандық күштерді теңестіруге көшудің «түбегейлі тенденциясы» байқалады. Әлемдік саяси және экономикалық күштің жаңа бағыты Азия –Тынық мұхиты аймағына қарай жылжуы барған сайын айқын екенін көрсетеді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Дипломатия К.К. Токаева: азиатский вектор внешней политики Казахстана (2020). Дата обращения 09.06.2020 <https://strategy2050.kz/ru/news/diplomatiya-k-k-tokaeva-aziatskiy-vektor-vneshney-politiki-kazakhstan/>

2. Торгово-экономические отношения Казахстана со странами АТР (2020). <https://www.academia.edu/>

3. Елюбаева А. РК планирует усилить присутствие в Азиатско-Тихоокеанском регионе. Об этом на Восточном экономическом форуме заявил президент РК. Дата обращения: 03.09.2021 <https://kapital.kz/gosudarstvo/98456/rk-planiruyet-usilit-prisut-stviye-v-aziat-sko-tikhookeanskom-regione.html>

4. Китай-Центральная Азия: всплеск активности. После январского затишья в регион возвращается активная деловая жизнь. Дата обращения: 07.02.2023 <https://russian.eurasianet.org/>

5. Казахстан и его отношения с миром. «Газпром» пойдет в Китай степями. Дата обращения: 01.02.2023 <https://www.kommersant.ru/doc/5798463>

6. Kazakhstan increased oil exports bypassing Russia in 2022 (02.02.2023). <https://www.reuters.com/article/kazakhstan-oil-exports-idUKL8N34I57P>

7. Вопросы двустороннего сотрудничества Казахстана и Китая обсуждены в МИД РК. Дата обращения: 02.02.2023 <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/news/details/499389?lang=ru>

8. Журавлева Е. Жамбылской области появится девять производств. Дата обращения: 04.02.2023. <https://lsm.kz/v-zhambylskoj-oblasti-realizuyut-devyat-proektov>

9. Казахстан и Южная Корея будут сотрудничать в области атомной энергетики. Дата обращения: 28.06.2022 [https://www.kt.kz/rus/economy/kazahstan\\_i\\_yuzhnaya\\_koreya\\_budut\\_sotrudnichat\\_v\\_oblasti\\_1377935848.html](https://www.kt.kz/rus/economy/kazahstan_i_yuzhnaya_koreya_budut_sotrudnichat_v_oblasti_1377935848.html)

10. Составлен топ-10 стран инвесторов в казахстанскую экономику. Дата обращения 04.04.2022 [https://forbes.kz/finances/investment/sostavlen\\_top-10\\_stran-investorov\\_v\\_kazahstanskuyu\\_ekonomiku/](https://forbes.kz/finances/investment/sostavlen_top-10_stran-investorov_v_kazahstanskuyu_ekonomiku/)

11. Казахстан и Южная Корея развивают стратегическое партнерство. Дата обращения: 04.02.2023. [https://el.kz/ru/kazahstan-i-yuzhnaya-koreya-razvivayut-strategicheskoe-partnerstvo\\_63450/](https://el.kz/ru/kazahstan-i-yuzhnaya-koreya-razvivayut-strategicheskoe-partnerstvo_63450/)

12. Казахстан и Монголия планируют создать структуру для развития торговых отношений. Дата обращения: 26.11.2020 <https://kapital.kz/finance/91475/kazahstan-i-mongoliya-planiruyut-sozdat-strukturu-dlya-razvitiya-torgovykh-otnosheniy.html>

13. США входит в тройку основных инвесторов в экономику РК. Дата обращения: 19.09.2022. [https://www.inform.kz/ru/ssha-vhodit-v-troyku-osnovnyh-investorov-v-ekonomiku-rk\\_a3980622](https://www.inform.kz/ru/ssha-vhodit-v-troyku-osnovnyh-investorov-v-ekonomiku-rk_a3980622)

14. Текущее укрепление тенге и ослабление доллара – это временное явление: аналитик Дата обращения: 17.02.2023 <https://www.caravan.kz/news/tekushhee-ukreplenie-tenge-i-oslablenie-dollara-eh-to-vremennoe-yavlenie-analitik-914109/>

15. Реекспортный хаб. Навредят ли Казахстану серые схемы перепродажи санкционных товаров в Россию? Дата обращения: 09.02.2023 <https://cabar.asia/ru/reeksportnyj-hab-navredyat-li-kazahstanu-serye-shemy-pereprodazhi-sanktsionnyh-tovarov-v-gossiyu>

16. Казахстанско-Индонезийское торгово-экономическое сотрудничество (2022) <https://www.gov.kz>

17. Казахстанско-Филиппинское торгово-экономическое сотрудничество (2022) <https://www.gov.kz>

УДК 327.7

## **ПОВЕСТКА ДНЯ ЕВРОПЕЙСКОГО СОЮЗА О РАЗВИТИИ РЕГИОНАЛЬНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ**

**Мукашева Зарина Ереновна**

[ztemirova@mail.ru](mailto:ztemirova@mail.ru)

докторант 3 курса факультета международных отношений,

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – к.п.н. Ахмедьянова Дана Кабидуллаевна

Центральная Азия считается соседом соседей Европейского Союза [1], но несмотря на то, что Центральная Азия географически находится далеко от Европы, отношения между двумя регионами имеют важное значение благодаря экономическому, торговому, энергетическому партнерству и партнерству в сфере безопасности.

Межрегиональное сотрудничество ЕС и Центральной Азии основывалось на Стратегии для региона Центральной Азии 2007 года, а в 2019 году была принята обновленная версия. В 2007 году ЕС подчеркнул изменившуюся стратегическую значимость региона после террористических атак 11 сентября и международного участия в соседнем Афганистане [2].